



● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК



Құштар ісін дертті де жеңеді

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

"Нұр Отан" партиясы ҚОФ-ның "Кедергісіз келешек" жобасы аясында "Шығармашылық ауыр дертті де жеңеді" атты сауда-саттық көрмесі өтті. Іс-шараға облысқа қарасты аудан, қалалардағы елуден астам

мүмкіндігі шектеулі азамат қатысы.

— Біздің мақсатымыз мүгедек жандардың өнерін көпшілікке паш ету. Себебі, олар ауыр дертке шалдықса да пайдалы іспен айналысады. Басқа түскен ауыртпалыққа мойымай өнер туындыларын жасайды. Бұл дегеніміз тамаша емес пе. Жастар жағы мұндай адамдардың бар екенін және қиындықпен күресу керектігін

білсе, — дейді "Нұр Отан" партиясы ҚОФ сайлауалды тұғырнамасын қадағалау бөлімінің кеңесшісі Абылайхан Көкенов.

**СУРЕТТЕ: көрмеге қатысушылар.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

Жаңа жоба эфирге шықты

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Арқалық қалалық "Арқа дидары" телеарнасы мен "Іскер жастар кеңесі" қоғамдық бірлестігінің жанынан құрылған "Алаң-Жұрт" пікір-сайыс орталығының ынтымақтастығымен жаңа жоба эфирге жол тартты.

Жобаның басты мақсаты қоғамдық пікір тудыратын мәселелерді халық арасында кеңінен талқылау. Тұсаукесер эфир Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналды. Студия қонақта-



ры: Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері — ардагер ұстаз Ж.Ғаббасов, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің директоры С.Тасмағанбет, аймақтық "Видергебург" неміс қоғамдық бірлестігінің төрайымы З.Пыхтиналар еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілік туралы әңгімелеп, оған Елбасының қосқан үлесін тілге тиек етті.

Жаңа жоба аптасына бір рет эфирге шығады. Жүргізушісі "Алаң-Жұрт" пікір-сайыс орталығының жетекшісі А.Ахметжанов.

Арқалық қаласы.

Оқырман назарына!

"Қостанай таңы" газетінің сайты сіздерге тиімді де ұтымды қызметін ұсынады. Айталық, күнбе-күннің жаңалықтарын әлеуметтік желілерде ашылған жеке парақшалардан оқуға болады. Ол үшін төменде көрсетілген сілтемелерді теру арқылы тікелей газет сайтына өте аласыздар. Сонымен қатар осы желілер арқылы өздеріңізді толғандырып жүрген мәселелермен бөлісіп, пікірлесе аласыздар! "Қостанай таңының" сайты сіздердің күнделікті сырласу серігіңіз болмақ.



РЕДАКЦИЯ.

100
80
60
40
20
100
80
60
40
20
100
80
60
40
20
Синий
Красный
Желтый
Черный



Әнші балғындар

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қалалық балалар шығармашылық үйінде "Талант! Музыка! Балалар!" атты әнші балалардың байқауы өтті. Сайыста 7-17 жас аралығындағы әнші балғындар сынға түсті. Үміткерлер үшін ешқандай шектеу қойылмады. Тек бәрі де жанды дауыста, эстрадалық жанрда болса болғаны. Қазылар алқасы әрбір жастың дауыс ырғағын, сахнада өзін ұстау мәдениетін, дайындық барысының жоғарылығына аса мән берді.

Келешекте әнші боламын деген жастар аз емес. Кішкентайы да, үлкені де талпынып, бар өнерлерін салды. Үш топ бойынша жас аралығына қарай жеңімпаздар марапатталды. 7-9 жас арасында бірінші орынды Анна Тысленко, 10-13 жас бойынша Дарья Тормышева және 14-17 аралықта Әйгерім Құсайынова иеленді. Олар енді концерттік кештерге де қатысуға шақырылады.

Жеңіс күніне арналды

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Ауданда Жеңістің 70 жылдығына арналған "70 игілікті іс" атты акция аясында жемісті істер жүзеге асырылуда. Солардың бірі – аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен қолға алынып жатқан шаралар.

Айталық, 2014-2015 оқу жылынан бастап, № 1 Урицк орта мектебінде директордың бекіткен жоспарына сай көптеген игілікті істер орындалып келеді. Қыркүйек айында оқушылар бұл шараның шымылдырығын соғысқа қатысқан боздақтардың есімі тізбектелген ескерткіш маңын қоқыстан тазартумен ашқан. Одан кейін колледждегі даңқ мұражайын аралап, кең көлемде көкейге ой тастар ақпараттарға қанықты. Бұдан түйген өз әсерін 4-сынып оқушысы Даниал Такенов өлеңмен өрді.

Сондай-ақ, шарапатты шара аясында қатысушылар сұм соғыс туралы шығармалар жазып, суреттер салып, Жеңістің жетпіс жылдығына жүрекжарды туындыларын арнап жатыр. Жалпы, алдағы уақыттарда балалар жоспарға сай соғыс ардагерлерінің үйін аралап, олардан сұхбат алмақ. Мерейлі мерекелерде ардагерлерді ардақтамақ...

Сарыкөл ауданы.



Көкшулан жалғыз кезбейді

Ермекбай
ХАСЕНОВ

Қыс түссе қасқыр қаптайды. Далада бейсауыт жайылған малды жарып кету өз алдына, көкшуланның кісіге шапқан оқиғалары да аз емес. Бұрнағы жылдары қасқырлардың ауыл-ауылға кіріп кеткені жәйлі газетте хабарлағанбыз. Биылғы жағдайды білу үшін облыстық аңшылар және балық аулау қоғамының бірлестігіне тағы хабарластық.

– Үстіміздегі жылы біздің өңірде тұз тағыларының жортуылы азайды. Далада кездескен бірлі-жарымды қасқырлар аңшылардың құрығына ілікті, – деді бірлестік кеңесінің төрағасы Анатолий Коваленко.



Бірлестік берген мәліметтерге сүйенсек, облыстың үш ауданында ғана жыртықштардың көзі жойылыпты. Мәселен, Арқалықта бес, Мөңдіқара ауданында он екі, Әуликөл ауданында елу екі қасқыр атып алынған.

Әдетте, аң біткен аяз күшейген кезде ашығады. Жемтік іздеген жыртықштардың кезбейтін жері қалмайды да, ауылдың ішіне кіруден қорықпайды. Сондықтан, сақ жүрген жөн деп кеңес береді мамандар.

Естеліктер жинағының тұсаукесері

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

"Халқым деп соққан жүрегі". Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының мәжіліс залында Қазақстан Парламенті Мәжілісінің екі мәрте төрағасы болып сайланған, мемлекет және қоғам қайраткері, ардақты азамат, біртуар тұлға –



Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов жайлы осындай атаумен шыққан естеліктер жинағының тұсаукесері болып өтті.

Жинақтың құрастырушылары Халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты, ақын С.Тұрғынбекұлы мен ауыл шаруашылық саласының ардагері С.Тапаев тағылымды кештің құрметті қонағы болды.

Ізгілікті шараны институт ректоры, академик С.Қуанышбаев жүргізіп отырды. Қала әкімі Ғ.Бекмұхамедов, ел ақсақалдары мен кезінде қызметтес болған әріптестері О.Алмат, К.Ақан, Ж.Өмірбек, Қ.Ағуанов, Қ.Нұрманов, Ю.Устинова, Аманкелді ауданынан қатысқан арнайы делегацияны бастап келген Қазақстанның құрметті журналисі, ақын Х.Мұсабаевтар ғибратты естеліктер айтты.

Жаңа кітап Астана қаласындағы "Фолиант" баспасынан 1000 данамен басылып шыққан.

Арқалық қаласы.

Құштар ісін дертті де жеңеді

1-бет

Жәрмеңкеде мүгедектердің өз қолдарымен жасаған бұйымдары саудаға шығарылды. Оюлы көрпе, ағаштан жасалған бұйымдар және майлы бояумен салынған картиналардың алуан түрі бар. Өзіңізге ұнап жатса, мархабат. Көңіліңіз қалаған бұйымды сатып алыңыз. Саудадан түскен қаржы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өздеріне қалады.

Аталмыш іс-шараға Қостанай психоневрологиялық интернат үйі де қатысты. Ондағы тәрбиеленушілер өздері жасаған елу шақты бұйымды көрмеге қойды.

– Интернат үйінде әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған шеберхана бар. Онда отыздан астам адам жұмыс істейді. Тәрбиеленушілердің әрқайсысын бейіміне, ынтасына қарай топқа бөліп, қолөнердің сан түрін үйретеміз. Ағаштан, қағаздан бұйым жасау жүйке ауруына шалдыққан адамдар үшін емдік шараның бір түрі. Сондай-ақ, шығармашылықты шыңдайды. Шеберхананың ең басты мақсаты – мүгедек жандарды еңбек арқылы әлеуметтік ортаға бейімдеу, – дейді Қостанай психоневрологиялық интернат үйінің директоры Нәзіма Асанова.

Мүгедектерге арналған жәрмеңкені "Нұр Отан" партиясы ҚОФ-ның бастамасымен облыстық кәсіпкерлер палатасы, әлеуметтік бағдарламалар және жұмыс-



пен қамту басқармасы, "Үміт-Надежда" ҚБ, "Мүгедектердің Қостанай қалалық еріктілер қоғамы" ҚБ ұйымдастырды.

СУРЕТТЕ: Қостанай психоневрологиялық интернат үйінің еңбек нұсқаушысы Тілеген Ибраев.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Жауапкершілік жүгі жеңілдемейді

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Қаладағы кәсіпорындар мен өндіріс ошақтарында, білім ордалары мен мекемелерде партияның бастауыш ұйымдары белсенді жұмыс істейді. Ұйым жетекшілері үстіміздегі жылы алғаш рет бас қосты.

Алқалы жиында бас қосқан бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері алдында "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әлия Сапарова бас партияның өткен жылы атқарған жұ-

мыстарына тоқталып, биыл да ауқымды істердің күтіп тұрғанын айтты.

– Қоғамдағы түйткілді мәселелердің бәрі "Нұр Отанның" назарынан тыс қалып көрген жоқ. Халықтың әлеуметтік жағдайын оңалту, шағын және орта бизнеске дем беру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес партияның алдында тұрған басты міндеттер. Өткен жылы Астанада Елбасының қатысуымен партияның кеңейтілген мәжілісі өтті. Сонда Президент жемқорлыққа қарсы күресті күшейту туралы заң жобасын көптің талқысына сал-

ды. Міне, осы жобаны талқылауға біздің облыстың тұрғындары да белсене қатысты. Нәтижесінде жерлестеріміздің 90%-ы аталған жобаға ұсынған өз нұсқаларын орталық аппаратқа жөнелтті, – деді Әлия Сапарова.

Бастауыш партия ұйымдары жетекшілерінің жиынында төрағаның бірінші орынбасары алда тұрған міндеттерді саралап берді. "Үстіміздегі жылы – бастауыш партия ұйымдарының жылы" болып жарияланды, сондықтан Сіздер мен біздерге артылар жауапкершілік жүгі ауқымды, – деді ол.

Ыбырай ата ізімен

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Ы. Алтынсарин мұражайында жастардың басын қосқан дөңгелек үстел өтті. Басқосуға Ыбырай атамның "Бір құдайға сиынып, кел, балалар, оқылық" деп басталатын Қырғыз хрестоматиясы негіз болды.

Ы.Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: "Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім..." деп тұжырымдаған. Хрестоматияға автор өзінің педагогтық мақсатына лайықтап жазған тәрбиелік мәні жоғары әңгімелер желісі өте қызықты және қысқа болып келеді. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел қолдану, әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлу – Ыбырай шығармаларының ерекшелігі.

– Бүгінгі шараның жастарға берері мол. Дөңгелек үстелге Қостанай педагогикалық институтының психология-педагогика факультеті мен Қостанай гуманитарлық колледжінің студенттері, №9 орта мектебінің оқушылары қатысып, ұлы ағартушы



шы жайында тың ақпараттар алды. Ы. Алтынсарин мектеп-интернатының 6 "а" сынып оқушылары ағартушының әңгімесінен көрініс көрсетті. Болашақ ұстаздар өз ойларын ортаға салды. Әсіресе, Айгүл Егентай, Гүлнұр Мейрахметова, Алима Тас, Арайлым Сүттібаева, сондай-ақ, Аида Смағұл мен Әйгерім Төлепова ерекше белсенділік танытты. Ыбырай атамның әр шығармасынан өнеге, тәлім ала білген жастардың талпынысы сүйсіндіреді, – дейді кешті ұйымдастырушы Назгүл Шектібаева.

Болашақта ұстаз боламын деген жастарға Ыбырай атамның әр сөзі өнеге болары сөзсіз.

СУРЕТТЕ: кештен көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Басты мақсат – білім көкжиегін кеңейту



Руслан
ӘЛКЕЕВ

Сарыкөлдің Ново-Урицк орта мектебінде сертификатталған

мұғалімдердің аудандық семинары өтті. Жаңа технология тақырыбы аясында өрбіген шараға 30-ға жуық бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Әрине, бүгінгі таңда оқыту жүйесінде ақпараттық компьютерлік технологияны қолдану басты қағидаға айналды. Оған деген қызығушылықты, біліктілік пен шығармашылықты шыңдау семинардың тақырыбына тиек болды. Түрлі идеялар төңірегінде тереңірек толғаған тәлімгерлер өзара тәжірибе алмасты. Шеберлік сыныбынан өтіп, ашық сабақтарға атсалысып, И.Колесникованың ұйымдастырған коучингнен келелі кеңестер алды.

Аудандық білім бөлімінің бастауыш сынып әдіскері Л.Кайгородованың айтуынша, осындай семинарларды ай сайын ұйымдастыру дәстүрге айналған. Басты мақсат – жаңа үлгідегі оқыту әдісі аясында мұғалімдердің білім көкжиегін кеңейту.

Семинар соңында белсенді қатысқан мұғалімдер мадақтама қағаздарымен марапатталды. Сарыкөл ауданы.

Өмірдің кейбір сәттері

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Л. Толстой атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының өнер туралы әдебиеттер бөлімі жаңа көрменің тұсауын кесті. Бұл жолы суретші Г.Соков түлектерінің еңбектері көрермен қауымына жол ашты.

Бұл көрме суретші шәкірттерінің алғашқы аяқалысы. Сондықтан болар олар оны "Үміт" деп атапты. Мұндағы авторлардың дені Қостанай мемлекеттік педа-



гогикалық колледжінің студенттері. Олар дизайн кафедрасында білім алады. Болашақ суретшілер. Жастарға жол ашып, демел отырған кітапхана қызметкерлері "Өнердегі жаңа есімдер" жобасы

аясында мәдени шараны өткізіп отыр.

– Көрмеге барлығы 5 автордың 25 жұмысы ілінген. Олардың қай-қайсысы болмасын өзінің ерекшелігімен еркіндік баурап алады. Егер техникалық жағына назар аударар болсақ, бұл жерден майлы бояуды да, акварельді де, қызықты графиканы да көруге болады. Әр жұмыстан шығармашылық ізденістер анық сезіледі. Бұл жерде ештеңе көшіріп алынбаған, қайталанбаған, әр сурет өзінше талпыныстан, ізденістен туған, – дейді өнер бөлімінің меңгерушісі Ләззат Төлекова.

СУРЕТТЕ: көрменің ашылуында.

Тобыл Торғай Тынысы

Сапалы ауыз сумен қамтылуда

Облыста. Өткен жылы 24 су құбыры нысанының құрылысы мен қайта қалпына келтіру жұмыстары үшін 7,9 млрд.теңге бөлінген. Бұл қаражат 2013 жылмен салыстырғанда екі есеге көп. Яғни, жыл өткен сайын халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің мүмкіндігі артуда. Бұл туралы "Нұр Отан" партиясы ҚОФ-да өткен басқосуда Қостанай облыстық ТКШ және энергетика басқармасы басшысының міндетін орындаушы Х.Қамбаров айтты.

Жалақы өспейді

Облыста. "Б" корпусы қызметкерлерінің жалақылары өспейді. Бұл туралы облыс әкімдігінде өткен аппарат кеңесінде облыстық қаржы басқармасының басшысы С.Аймұхамбетова баяндады. Оның айтуынша, әлемдегі қаржылық дағдарыстың әсерінен еліміздегі бірқатар жаңа жобалар мен бастамаларды қаржыландыру кейінге шегеріліп отыр. Оған "Б" корпусында қызмет ететін әкімшілік пен азаматтық қызметкерлер енгізілген.

Суық тигендер саны артуда

Облыста. Өңірде өткір респираторлық вирусты инфекцияға шалдыққандар саны күн санап артып жатыр. Соңғы аптаның ішінде ғана облыс емханаларына мыңнан аса науқас дәрігер көмегіне жүгінген. Сондай-ақ, үш адам тұмаумен тіркелген. Мамандардың айтуынша, ақпан айында суық тиіп ауырғандар қатары әлі де көбейеді, сондықтан дәрігерлер де сақтық шараларын күшейтуді қолға алмақ.

Ұстаздарға көмек

Облыста. "Өрлеу" біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы" АҚ филиалы Қостанай облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының" кітапхана бөлімі инклюзивті білім беруге арнап көрме ұйымдастырды. Көрмеде теориялық, әдістемелік материал мен практикалық жинақтар қойылды.

Тіс кабинеті ашылды

Таран. Береговое ауылында стоматологиялық кабинет жұмыс істей бастады. Бұл туралы өткен жылды қорытындылаған Калинин ауылдық округінің әкімі С.Сапабеков мәлімдеді. Оның айтуынша, Рудныйлық тіс дәрігер Айзада Қартаева өз қаржысына кабинеттегі арнайы жабдықтарды ретке келтіріп, Таран аудандық ауруханасымен келісім-шартқа отырған.

Отшашу үшін айыпталды

Қостанай қ. Түн ортасында қаланың қақ ортасында отшашу атқан азамат 20 мың теңге айыппұл төлейтін болды. Өзінің көңілін көтермек болған кісі ерсі қылығымен қалалықтардың түн ұйқысын төрт бөлгенімен қоймай, көрші үйдің терезесін де қиратқан көрінеді. Осыны ескерген арнайы әкімшілік соты қала тұрғынының балалық ісін "бұзақылық" деп бағалап, оған 10 АЕК айыппұл салды.

Шахматтан аудан біріншілігі

Жанкелдин. Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына орай ерлер мен әйелдер арасында шахматтан аудан біріншілігі өтті. Швейцариялық түрде өткен шахмат жарысына ауылдық округтерден ойыншылар қатысты. Екі күнге созылған шара соңында жеңімпаздар алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



● ЖЕҢІМПАЗДАР ЖҮЗДЕСУІ

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран



Бөлімді Сәлім МЕНДІБАЙ
жүргізеді

Бүгіндер біздің облыста Ұлы Отан соғысының 366 ардагері тұрады екен. Ал майданға барлығы 73 мың жігіт аттанып еді, солардың 60 пайызы елге оралмады. Бұдан жетпіс жыл бұрын Ұлы Жеңіс туын желбіретуге үлес қосқан аталар мен әжелердің, әкелер мен аналардың қатары сиреп келеді. Отты жылдары менің туып-өскен ауылым – Меңдіқара ауданындағы Ақсуаттан ғана жүздеген қылшылдаған жас жігіттер ұрыс даласына аттанып еді, тіпті бір үйдің барлық еркек кіндіктері қолына қару алған-ды. Солардың 77-сі Отан үшін опат болды, сүйектері кескілескен ұрыс далаларында қалды.

Бүгіндер ауылда, сол 77 боздаққа орнатылған еңселі ескерткіш бар. Ертең Ұлы Жеңістің 70 жылдығы күні ауылдың жас пен кәрісі, сол майдангерлердің немере-шөбере, шөпшектері, жалпы ізгі ниетті, отансүйгіш өрендер сол

киелі орынға келіп, тағзым етеді. Осынау көгілдір мәрмәр тастан жасалған еңселі де қастерлі белгіні тұрғызуға үлес қосқан жандардың бірі, соғыстан кейін туып, қанаттанған азамат ретінде өзіміз де бізге бақыт пен бейбітшілік, елімізге тәуелсіздік сыйлаған сол батыр-боздақтарды еске алып, бас иеміз.

Ал бүгіннен бастап, біздің Қостанай облысында тұрып жатқан кешегі екінші дүниежүзілік соғыстың қас батырлары – жеңімпаздардың жүздесуін ұйымдастырғалы отырмыз.

Сонымен, бүгінгі жүздесуге қатысқандар: Ұлы Отан соғысының ардагерлері – Молдағали Жүнісбеков пен Нұркен Жолмұхамедов.

«Қостанай таңының» Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған бұл жаңа жобасы айына екі рет жарық көрмек.

Молдағали ЖҮНІСБЕКҰЛЫ:

**«Соғыстың соңғы солдаты
біз ғана болайық»**



Нұркен ЖОЛМҰХАМЕДОВ:

**«Ленинградтық өренім,
мақтанышым сен едің»**



1941 жыл халықаралық жағдайдың шиеленісіп тұрған кезі еді. Біздің дивизия Батыс Белоруссияда болатын. 21 маусым күні, бізді Висла өзенінің бергі жағындағы бір орманның ішіне әкелді. Мұнда әрбір полкке орын белгілеп, осы жерде болатынымызды айтты.

Таң бозара шырт ұйқыда жатқанымызда неміс самолеттерінің біздің аймақты бомбалап жатқан дауысынан ояныдық, бізде ес жоқ, абдырап асып-сасып не істерімізді білмейміз.

Соғыстың басында майдан шебінде немістерге қарсы тұрарлық жағдай бізде мүлде болған жоқ еді.

Тек қана Кеңес халқының табандылығы, Ұлы Отанды қорғау жолындағы жанкештілік, асқан патриотизм бізді жеңіске жеткізді. Тіпті 1942 жылы ашылуға тиісті екінші майдан мәселесін Англия мен Америка 1944 жылға дейін созды. Оның астарында өліптің артын бағу бар еді. Ал енді бүгіндер кейбір "қайраткерлер" Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің ролін төмендетіп, әр саққа жүгіртуге бейім.

Ұлы Отан соғысы туралы айтқанда Жоғарғы Қолбасшы И.В.Сталин туралы айтпай кетуге болмайды. Кешегі қанқұйлы соғысқа қатысқан майдангердің қай-қайсысы болмасын Иосиф Висса-

рионович Сталиннің еңбегін ерекше жоғары бағалайды. Ол тас-түйін жұмылған Армия құра білді, ол бар мақсат-мүддесін Ұлы Жеңіс үшін жұмылдырған тыл құра білді. Ол Кеңес жауынгері мен офицерінің Ұлы Отаны үшін патриоттық сезімін оята білді. Қазақтың Батыр ұлы Бауыржан Момышұлы "Сталин жарықтықтың несін айтасың" десе, өзіміздің майдангер досымыз, марқұм Қазбек Әлжапаров та өз кітабында Жоғарғы Қолбасшының еңбегін аса жоғары бағалады. Тіпті ұлы Баукеңнің: «Дүние жүзі тарихында үш қана ең атақты қолбасшы болды. Олар Александр Македонский, Шыңғысхан және Иосиф Виссарионович Сталин» дегені де бар.

Осы орайда өз тарапымнан да айтарым бар. Сталин қайтыс болғаннан соң билікке келген Н.С.Хрущев КОКП-ның XX съезінде "Сталиннің жеке басына табыну туралы" баяндама жасағанда оның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қолбасшылық рөлін де төмендетуге тырысты. Ол "И.В.Сталин соғыс басталған күннен бастап мең-зең болып, ешкіммен сөйлеспей, бір жеті бойы жатып алды" деген сыңайда сөз сөйледі.

Енді құжатқа жүгінейік. Хрущев айтқан "Сталин депрессияда болып, бір жеті жатып алды" деген күндері ол күндіз-түні қарбалас қаракет үстінде болған. Сталиннің қабылдау бөлмесіндегі кезекші оған келіп, кеткен кісілердің аты-жөнін, қашан кіргенін және қашан шыққанын тізіп отырған. 21 маусым күні кешкі сағат 18.27-ден бастап, 23.00-ге дейін оның қабылдауында 13 адам болған, олар: Молотов, Ворошилов, Берия, Вознесенский, Маленков, Кузнецов, Тимошенко, Сафонов, Тимошенко, Жуков, Буденный, Мехлис, Берия. Бұл 21 маусым, соғыс өлі басталмаған, бірақ жағдайдың шиеленіскен тұсы. Ал соғыс оты тұтанған 22 маусым күнгі қабылдау таңғы сағат 5.45-те басталған. Алғаш кіргендер Молотов, Берия, Тимошенко, Мехлис, Жуков, сол күні Сталин жоғарғы басшылықтағы 29 адамды қабылдаған. 23 маусымда қабылдау тіпті түн ішінде сағат 3.20-да басталған. 24 маусымда түнгі сағат 1.15-ке дейін Қолбасшы алдында 20, 25 маусымда түнгі сағат 1-ден бастап 18 адам, 26 маусымда 28 адам, 27 маусымда 30, 28 маусымда 21 адам қабылдауда болған.

Ұлы Жеңісте Ұлы қолбасшының орасан зор рөлі бар.



Менің жасым бүгіндер тоқсан сегізден асты. Анадан бір, әкеден бір жарым жаста жетім қалып, алдымен аға қолында, кейіннен Торғай балалар үйінде тәрбиелендім. Оқыдым, білім алдым, Қостанай педагогика училищесін аяқтап, мұғалім болдым. 1936-39 жылдары Федоров ауданында ұстаздық еттім, ал 1939 жылы міндетті әскери қызметке шақырылып, Отан алдындағы борышты абыроймен атқарып жүргенде соғыс басталды. Сөйтіп бақайшағына дейін қаруланған неміс-фашист жөндеттеріне соғыстың алғашқы күнінен қасарысып қарсы тұрған жауынгердің бірі де мен болдым. Ленинградты қорғауға қатыстым. Жамбыл атамның жігерді жанитын жыры өлі көкіректе сайрап тұр: «Ленинградцы дети мои, ленинградцы гордость моя...»

1942 жылдың 2 қаңтарында жаралы болып, Ленинград госпитальдарының бірінде емделіп, қатарға қайта оралдым. Содан кейін "өмір жолымен" Волховқа аттандық. Мұнда запас полк жасақталып жатқан еді.

Тағы да Ленинград майданы. 1943 жылы сәуірде ұрысқа қайта кірдік. Артиллериялық қарудың командирі едім. Біздің бөлім алдына жауды алға бастырмай негізгі күштердің Батысқа қарай жылжуын қамтамасыз ету міндеті қойылды. Сол міндетті ойдағыдай орында-

дық та. 1943 жылдың 9 маусымында "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен марапатталып, мерейім өсті. Бұл награда мен үшін бүгінге дейін ерекше ыстық.

Тарихтан белгілі, Ұлы Отан соғысындағы кескілескен шайқастарда Ленинград қоршауы ерекше орын алады. Жеңіс оңай келген жоқ. Талай боздақтар қасық қаны қалғанша "елім, жерім, Отаным" деп жанқиярлықпен шайқасты. Ленин қаласын жаудан қорғауды, 900 күн мен түн болған қоршауды бұзып шығуды ең басты солдаттық парызы деп түсінді. Біздің дивизия 1944 жылғы 19 қаңтарда Мга станциясына шабуыл жасап, оны жаудан босатты. Осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін дивизияға осы станцияның аты берілді. Ал 27 қаңтарда Ленинград жау қоршауынан азат етілді. Менің омырауыма "Ерлігі үшін" медалі қадалды.

Сосын Фин бұғазы, Выборг, Нарвадағы, Чудо көліндегі, Латвиядағы шайқастар. Соғысты Румынияда аяқтадым, тек 1945 жылғы қазан айында ғана әскер қатарынан босанып, елге оралдым. Өзімнің сүйікті мамандығым – мұғалім болып қырық жылдан астам еңбек еттім. Құдай қосқан қосағым Зағиша да ұстаз болды. Балалар туып, ер жетті. Шәкірттер үлкен өмірге жолдама алып, біздің мақтаныштарымызға айналды. Педагогикалық майдандағы еңбегім де Отан наградасы – "Еңбектегі ерлігі үшін" медалімен аталып өтті.

Шәкірттерімнің бірі кезінде облыс әкімі, кейін Парламент Мәжілісінің депутаты болды. Сол Тоқтарбай Қадамбаев сияқты биік белестерді бағындырған оқушыларым аз емес.

Елімнің тәуелсіздігі, халқымның бостандығы үшін төккен қан текке кеткен жоқ. Қазақстан әлемге әйгілі ел болды. Елбасы әлемдік деңгейдегі қайраткер атанды. Сол көмеңгер Кешбасшының өз қолымен жазған, Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен құттықтауын ерекше қуанышпен, толқу үстінде қабыл алдым. Біздің жұпыны пәтерімізге әдейі келіп, шын көңілден құттықтау сөзін айтып, ілтипат білдірген облыс әкімі Нұралы Садуақасов балама да мың рахмет.

Ұлы Жеңістің даңқы арта берсін, құрметті достар!



● ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛДАУЫ

КІТАПХАНА – білім қайнары

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында "Жастар – біздің болашағымыздың тірегі. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты" деген еді. Бұл білімді ұрпақ тәрбиелей отырып, дәстүрімізді сақтап, халықтың тұрмыс-салтын, мәдениетін көтеріп, өдет-ғұрпымызды, рухани тіршілігімізді дамытамыз дегені. Еліміздің экономикалық тұғыры бекіген сайын сана жаңғырып, білімді жастардың қатары арта бастады.

Қаламыздағы №10 орта қазақ мектебінің тұсауын Қостанайға келген сәтінде Елбасының өзі кескен болатын. Президенттің оқушыларға деген ыстық ілтипаты-ақ жол болды. Бүгінде мектеп көркейіп келеді. Өзім осы білім ошағындағы кітапханашы ретінде әр баланың рухани байып, толыса түскенін қадағалап отырамын десе де болады. Кітапханамызда 40 мыңға жуық кітап қоры бар, соның ішінде 20 мыңдай дана көркем әдебиет пен басқа салаға сай. Жаңа буын мектеп оқулықтары, әдістемелік нұсқаулар, электрондық оқулықтар да бар. Кітап қоры сұранысқа сай жаңа кітаптармен толықтырылып тұрады. Мерзімдік басылымдар қорды толықтырудың негізгі қайнар көзі болып табылатындықтан республикалық, облыстық газеттер мен журналдарды жаздырып аламыз.

Бала тәрбиесі жолында өзгерлермен қатар кітапханашылар қауымының қосқан үлесі мейлінше зор деп ойлаймын. Кітапхана қызметінің бағыты – балаларға арналған кітап-журнал, газет коллекцияларын сақтау және дамыту, балалардың білім алуына, бос уақытын тиімді өткізуіне көмек көрсету. Әр кітапханада оқырмандарға арналған оқу залы бар. Мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне қажетті әдебиеттерді алуына толық жағдай



жасалған. "Кітап – білім кілті" демекші, мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен атқарар жұмысы зор. Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылықпен айналысуларына көп ықпалын тигізеді.

Соңғы жылдарда кітапхана балаларға арналған ертегілер, әңгімелер, энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалар, "Қазақ мәдениеті", "Сұрақ-жауап", "Ежелгі Қазақстан" сияқты жаңа кітаптармен толығымен түсуде. Жаңа түскен кітаптарды насихаттап, кітап көрмесі, ұсыныс тізімі, библиографиялық шолу ұйымдастырылады. Оқушыларды, оқырмандарды қызықтыру үшін сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдермен көптеген іс-шаралар өткізіледі. Мысалы, әр сенбіде 1-

4 сыныптар арасында "Мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 10 кітап" жобасының аудиохрестоматиясы сайысы ұйымдастырылады. Бастауыш сынып оқушылары кейбір ата-аналармен келіп, әдеби кітаптарды алады. Республикалық олимпиаданың II кезеңіне жолдама алған оқушылармен қосымша сабақ өткізуге арналған жұмыстар өткізіледі. Қазір мектеп оқушылары бұрынғыға қарағанда кітапханаға көп келеді. Себебі жаңа, қызықты кітаптар көп. Бұл баланы қызықтыратыны сөзсіз.

Кітапханашы үйретуші ұстаз іспетті. Демек, көркем әдебиет арқылы оқушылардың рухани дүниесі байып, халық өсиеттерінен нәр алып, кітапқа деген ынтасы артады. Оқушыларды еліміздің тарихын, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз маржандарын, сөз өнерін жан-жақты игеру арқылы адамгершілікке, парасаттылыққа, инабаттылыққа, отаншылдыққа тәрбиелейді.

Біздің міндетіміз балаларды жаңашылдыққа жетелей отырып, өткенді бағалауға баулу. Болашаққа сеніммен қарайтын азаматтарды тәрбиелеу. Сондықтан оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кітапханашылардың да үлесі бар. Қорыта айтқанда, мектеп кітапханасының рөлі жылдан жылға артып келеді. Олай болса, жақсы кітаптың бар қазынасын оқырман жүрегіне жеткізіп, рухани керегімізге айналдыра білейік.

Ж. САДУАҚАСОВА.
№10 орта мектептің кітапхана меңгерушісі.
Қостанай қаласы.

Ел келешегі жастарда

Жыл сайынғы Президент Жолдауы Қазақстан халқы үшін өте маңызды. Сондықтан да Елбасымыздың Жолдауын әр отбасы, әр ұжым асыға күтеді десек қателеспейміз, өйткені оның мазмұнында әрбір қазақ үшін өзекті мәселелер қозғалады әрі оларды шешу жолдары ұсынылады. Жыл сайынғы күтілген үміт пен артылған сенім халықтың ойынан шығуда.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауында еліміздің қарқынды дамып, болашаққа нық қадам басуы үшін негізгі салаларды ұмыт қалдырмай, дамытуды көздейді. Биылғы Жолдау бұрынғылардан өзгереді. Өзгереді деп отырғанымыз – Жолдаудың тек қана тақырыбының өзінде үлкен мән, ұшқыр ой, салиқалы саясат жатыр. Бұл ауқымды Жолдау, өйткені онда өте үлкен жоспарлар белгіленіп, халыққа мемлекет тарапынан зор көмектер жасалмақ. Бюджеттен, Ұлттық қордан, шетелдік инвестициялардан экономиканы дамытуға, жол салуға, халықтың әлжуаз тобына, шағын және орта бизнесті қолдауға қомақты қаражат тартылмақшы. Бұл Жолдауды тарихи Жолдау деп айта аламын, өйткені Елбасы геосаяси жағдайға нақты баға берді, еліміздің жақын келешектегі даму бағытын айқындады.

Елбасымыз әр сөзінде Қазақстанның болашағы жастардың қолында, оны көркейтіп, дамытатын да осы жастар екенін қадап айтады. Жолдаудағы жастарға арналған негізгі үш бағытқа тоқталғым келеді. Бірінші – білім мәселесі. Қазақстанның болашағы жастар мен бүгінгі мектеп оқушылары десек, олардың әлемдік бәсекеге сай білімді, жан-жақты болуы маңызды. Бүгінде дамыған елдердің барлығы осы білім саласына ұдайы инвестиция құйып келеді. Соның нәтижесінде, табиғи байлықсыз-ақ, олар өздерін әлемдік сахнада экономикасы жетілген, табысты мемлекеттер ретінде таныты. Елбасының білім саласына қыруар қаражаттың бөлінінін және еліміздің беделді 10 жоғары оқу орнының әлемдік стандартқа сай етіп жасақталатынын мәлім етуі – біздің дамыған ел болуға бағыт алғанымызды көрсетеді. Білім саласы туралы әңгіме қозғалғанда мектептер туралы айтылатын ойлар бізді де бей-жай қалдырмайды. Болашақ ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттыру Қазақстанның одан әрі қарыштап дамуына үлкен үлес қосып, болашаққа деген сенімді нығайтады. Білімді ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі, болашақтың тірегі жастардың білім саласында толыққанды білім алуына жағдай жасалып отыр.

Екіншісі – ұлтаралық достық. Осы орайда, Елбасы өз сөзінде "Этносаралық келісім – ол өміршеңдік оттегі. Біз дем алған кезде оны байқамаймыз, ол өздігінен болады – біз тек өмір сүреміз. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біз өзіміз сақтауға тиіспіз. Оны біз үшін ешкім ешқашан сырттан келіп жасамайды. Біздің жастарымыз жаңа, тәуелсіз елде өсіп келеді. Бүгінгі буын 90-шы жылдардағы этносаралық соғыстар мен қақтығыстарды, күйреуді көрген жоқ. Сондықтан көпшілігі Қазақстандағы тұрақтылық пен қолайлы өмірді туғаннан солай болуға тиіс сияқты қабылдайды." Менің ойымша, достық пен келісім болмаған жерде ешқандайда даму болмайтыны анық.

Үшіншісі, 2015 жылдан бастап жас отбасыларға бастапқы жарнасыз және төмен пайыздық көрсеткіште тұрғын үйлер салуға 180 миллиард теңге қаражат бөлінетінін жеткізді. Өзімізге белгілі бүгінгі таңда жаңадан отбасын құрған жастардың бір жылдың ішінде үштен бірі ажырасып жатыр, әрине, бұған көптеген мәселелер ықпал ететіні түсінікті. Дегенмен кейбір мәліметтерге сәйкес, еліміздегі жалпы жас отбасылардың 80% жуығында жеке пәтер жоқтығын ескерсек, Елбасымыз жастарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесін дөп басып айтты. Баспанамен қамтамасыз ету мәселесі ынталандырумен қатар жастардың мемлекетке деген көз қарасы мен сенімінің арта түсуіне көмектеседі. Басында баспанасы бар, тұрақты жұмыспен қамтылған жастар елінің болашағына қызмет жасайтыны анық.

Сондықтан да Елбасының Жолдауы – болашаққа сенімді қадам деп айтуға толық негіз бар. Жолдауда ел жастарының алдына айқын мақсат-міндеттер қойылып, өскелең ұрпаққа үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр, себебі Отанымыздың бет-бейнесі және оны келесі ұрпаққа қалай тапсыра алатынымыз жас ұрпақтың белсенділігіне байланысты. Ең бастысы бізде – оны дамыта алатын білім беру жүйесі қалыптасқан. Елбасы әрқашан да педагогикалық қауымдастыққа үлкен үміт артады. Қазақстанда баршаға жайлы, ашық ортаға айналдыру мақсатында қойылған міндет – білім берудің инклюзивті кеңістігін ұйымдастыру талабымен ұштасады. Олай болса барша ұстаздар қауымы Елбасының артқан сенімі мен үмітін ақтап, болашаққа білімді, тәрбиелі, жігерлі жастарды аттандырайық!

Бүрлен ӘНУАР,
№2 орта мектептің тарих пәні мұғалімі.
Федоров ауданы.

● КӘСІП ТҮБІ – НӘСІП

Кәсіптің көзін тапқан

Халық игілігі үшін жасалған "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасы өз жемісін беруде. Осы бағдарламаның шарапатын көріп отырған кәсіпкерлер біздің ауданда аз емес. Солардың бірі – Теректі ауылының тұрғыны Марат Бекмағамбетов.

Халықты жұмыспен қамтуға арналған аталмыш бағдарлама Мараттың өз кәсібін ашуға мүмкіндік берді. Өткен жылы мал шаруашылығын дамыту мақсатында ол 1 млн. 850 мың теңге несие алып, бүгінде ата кәсіпті жандандырып отыр.

– Мал басын көбейтуді көптен бері ойлап жүрген едік.

Онсыз тағы болмайды. Ауылда тұрған соң, мал ұстамау біз үшін жат нәрсе. Қора-қопсымыз кең, малға жайлы. Сондықтан, мемлекеттік бағдарлама бойынша берілген қаржыға 10 сиыр сатып алдық, – дейді шаруа иесі.

Марат мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау-көмекке дән риза. Қазіргі таңда жеке кәсібін ашуға ниет еткен жандарға тосқауыл жоқ екенін алға тартады.

– "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасының ауылда тұратын біздер үшін маңызы зор. Мен осы бағдарлама арқылы кәсіпкерлік негіздерін оқыту курсынан өтіп, бизнес жоспарымды құрдым. Кейін пайыздық үстемақысы төмен шағын несие алдым. Берілген несиенің шарттары өте тиімді. Несие 5 жылға қарастырылған. Төлеу уақыты алты ай-

дан соң басталады, – дейді кәсіпкер.

Кәсіпкерлікке бет бұрған Мараттың бастаған ісі бүгінде өрге басып келеді. Қазір оның сиырлары төлдеп, мал басы өсіп жатыр.

– 10 сиырдың 5-і бұзаулады. Қалғандары да буаз, желіндері түсіп тұр. Осы аналық сиырларды сақтап, ірі қара малды көбейтіп алғым келеді. Құдай қаласа, бұзаулар ары кетсе 2-3 жылда үлкен сиырға айналады. Сосын артығын сатып, несиеден де құтыламыз, – дейді кейіпкеріміз.

Міне, Марат Бекмағамбетов келешектің қамын күні бұрын болжап, алдын-ала қам жасап өлек. Сәтті бастауын тапқан кәсібі де, алға қойған мақсаты да бар.

Жаңабай АХМЕТОВ.
Қарасу ауданы.

● ЗЕРДЕ

Көздің құрты — сүйікті өңді бір көру, көңіл құрты — аңсарымен бірге өлу немесе Жүсіп Баласағұни мұрасындағы отбасы тәрбиесінің мәселелері

Тілеген АХМЕТОВ,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

1. ЖАҚСЫ ЖАР — ЖҰМАҒЫҢ

Уақыт пен кеңістікке тәуелді адамзат қоғамының даму тарихында көшпелі түркілер елін, жерін қорғайтын ұл мен қыз тәрбиелеудің негізі отбасы, ошақ қасынан басталатындығына аса мән берген.

Отбасы тарихи категория ретінде адамдардың өзара тек қана материалдық (табиғи-биологиялық, шаруашылық-тұтынушылық) қатынастарымен ғана сипатталып қоймай, сонымен қатар рухани (құқықтық, адамгершілік, психологиялық) процестерді де қамтиды.

Отбасындағы тәрбие қай заманда болмасын, маңызды мәселелердің бірі. Бүгінгі педагогикалық қауымның алдында тұрған мақсат: "Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің принципіалды мәнді бөліктерінің бірі — отбасымен жұмыс" екендігі белгілі.

Бүгінгі ғылыми педагогикада әдеби термин ретінде орыс тіліндегі "семья" сөзінің қазақша баламасы ретінде "жан-ұя, отбасы, шаңырақ" лексикондары қолданылып жүр. Біздің ойымызша, "семья" сөзінің қазақ тіліндегі дәл де ауқымды аудармасы "отбасы" болып табылады. Себебі, отбасы ұғымы қазақ халқының байырғы замандардағы отты қасиет тұтып, оған табынған сәбилік дәуірін еске түсіретін наным-сенімінің, салт-дәстүрінің көрінісі іспеттес. Қазақ халқы от, отбасы, Отан секілді түбірлес қасиетті сөздердің негізінде "Отан отбасынан басталады", "Отан оттан да ыстық", "Үйленерінде әуелі отауынды сайла" деген мақалдарды бекерге шығармаған. Осы қасиетті от лексикасынан өрбіген отбасы, отағасы, от ана, отау, отасу, от алу, отар, отығу, оташы, отын, т.б., дербес мағыналы сөз бен сөз тіркестері "қазақтың бабатурік тілінен бүгінге жеткен, ілкі дамыған өркениетін айғақтайтын қоғамдық-әлеуметтік төл терминдік қатары".

Жүсіп Баласағұнидің отбасы тәрбиесі төңірегіндегі пайымдаулары бірнеше бағытта өрбіген. Атап айтқанда, бұлар мына мәселелерді қамтиды: отбасы — мемлекеттің бір бөлшегі; отбасының беріктігі — мемлекет беріктігі; әке мен шешенің ұрпақ алдындағы борышы; ұл мен қызды тәрбиелеу ерекшеліктері; тәрбиенің әдіс-тәсілдері; маман да өнегелі тәлімгерлердің аса қажеттілігі; этностық өзіндік салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні; тәрбие ісіне бүкіл адамзаттық құндылықтарды пайдалану мәселесі.

Жүсіп Баласағұни отбасының қоғам өмірінде алар саяси-әлеуметтік орнын өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, мемлекеттің күштілігі, қуаттылығы, дәулеттілігі тек ел билеуші қайраткерлерге, әділ заңға, қарулы әскерге ғана тәуелді емес, әр отбасының беріктігіне де тура байланысты. Сондықтан да қоғамдағы тәрбие ісі — мемлекеттік деңгейде шешілетін маңызды мәселелердің бірі. Бұл іске бір жағынан ел билеуші бектер жауапты болса, екінші жағынан өскен орта мен ата-ана, туған-туысқандар жауапты. "Ұл мен қыздың өнегесі — ата-ана, бәрі бізден — дұрыс па, әлде қата ма?" (1486-бөйіт), — дегендей, ұрпақ тәрбиесінің тізгіні ата-ананың қолында болатындығы — аталмыш дастанның ең бір өзекті мәселесі.

Жоғарыда айтқанымыздай, ойшыл



ақын мемлекеттің саяси беріктігі, әскери күші, байлық дәулеті, әлеуметтік рухы әр отбасындағы ахуалға байланысты, ал отбасының тыныштығы ошақ иесі әйелге тәуелді екендігін көре біліп, алдымен бозбалаға қандай әйел алу керектігі туралы пайдалы ақыл-кеңестер айтады. Осы жерде ақынның адам танығыштығы, өмір қалтарыстарын терең түсінетіндігі, адамның жан сыры мен мінез-құлқын жетік білетіндігі қайран қалдырады.

Жүсіп Баласағұнидің ойынша, отбасының беріктігі, оның болашақта өркендеуі ең алдымен өмірлік дос болар жақсы жар таңдауға байланысты. Жар таңдау мәселесіне жеңілтектікпен қарау, күнделікті күйбең тіршіліктегі ұрыс-көріс, үй шаруасындағы икемсіздік, жан-сезімнің соқырлығы, нәпсі тежеусіздігі сияқты келеңсіз кеселдер отбасының шаңырағын шайқалтатын негізгі себептер болып табылады.

Жүсіп Баласағұнидің пікірінше, жастық шақта адам сұлуқұмар сезімнен аса алмай, тек көрікті сұлу әйел көздейді. Ал, сырты сұлу қыздың ішкі жан дүниесі де сұлу болып кездесуі өте сирек құбылыс. Сұлу қызға үйленгендер жүре келе әйелін кім көрінгеннен қызғанып, уақытын үнемі өз әйелін қорғаштап күзетумен өткізеді. Сөйтіп, сұлуға үйленген адам күзетшінің кейпін киіп, қандай сораға тап болғанын өзі де байқамай қалады: "Сұлуқұмар, сұлуы аңсап сор қума, қызыл жүзді сарғайтпа, һәм қор қылма" (4485-бөйіт).

Ал, кейбіреулер "қатын алма, қайын ал" деген бағытты ұстанып, бай жерден әйел алуды ойлайды. Ондай адамдар күндердің күнінде сол әйелдерінің ашса — алақанында, жұмса — жұдырығында болып, жалтақтап әйелінің аузына қараумен күнін өткізеді. Соның салдарынан ол үйдегі отбасының басшысы кім екендігін айыру да ҚИЫН болады: "Ей, тыңдаушы бай әйелден үміткер, құлы болып қалма оның, білікті ер" (4491-бөйіт).

Көрінгенге көзін сүзіп қарамайтын, ерінің көзіне шөп салмайтын, ақ ниетті, әдепті, пәк, ұятты қалыңдықты табу қиынның қиыны. Сондықтан ақын: "Қайын алма, алсаң нағыз қатын ал, адамшылдық сіңген асыл затына" (600-бөйіт), — деп өсиет айтады.

Табиғатынан мансапқор, елге билік жүргізуге құмар адамдар әулетті де атақты отбасында өскен қызға үйленуге ұмты-

лады. Көбінесе, ондай отбасында өскен қыздар дұрыс тәрбие көрмеу салдарынан тұрмысқа шыққаннан кейін күйеулерінің жігерін құм қылып, еркектің намысын қор етеді. Сөйтіп, бай әйел алған адам байлықтың құлы болып, атақты жердің қызына үйленген жігіт биліктің құлына айналады.

Жүсіп Баласағұни осындай терең пайымдаулардан кейін қыздардың жалпы сипаттарына тоқталып, қандай әйел алу керектігінің кейбір шарттарынан оқырманды хабардар етеді. Содан кейін, ақын "әйел алсаң сұлуы алма, бай әрі атақты жерден шыққан қызды да алма, алсаң тек ақылды әйел ал" деп, нақты кеңес береді. Ақылды әйел ғана шын мағынасындағы сұлуға айналып, күйеуінің қолын байлыққа да, атаққа да жеткізеді. Ғұлама-ғалым ақылды әйелге үйленген жігіт ақылдылық, одан туындайтын жан мен тәттің сұлулығы, бақ-дәулет, атақ-дәреже сияқты, барлығы төрт қасиетке ие болып, қолына бақыт құсын қондырады деп ой түйеді.

Ақынның пайымдауынша, дүниеде ақылды әйелге қол жеткізу өте қиын, сонымен қатар ақылды әйелдер оңайлықпен табыла да бермейді. Сондықтан әйел іздегенде ең алдымен текті әулеттен, көргенді отбасынан іздеген дұрыс. Өзі ұятты, пәк, жібек мінезді, ізгі қылықты, тіпті тұрмысы төмен ортадан шыққан қызға үйленсең де опық жемейсің. Есік көрген, шалдуар мінезді, қулық-сұмдыққа жақын жаман әйел еркекке ешқашан да абырой әпермейді. Осындай ой-толғамдарынан кейін ойшыл ақын тек ақылды әйелге ғана үйленуге кеңес беріп, сондай әйелді сабырлылықпен іздеу керектігін айта кетеді: "Ақылды әйел ізде — іздесең сен егер, есті болса, төрт құбылаң теңелер" (4502-бөйіт). Біз бұл жерде Мұхаммед пайғамбардың "Сен дінге сенетін әйелге үйлен, олай етпесең қатты өкінесің" (225-хадис) деген діндарлықты бірінші орынға қоятын талабын қазіргі жастардың ескеруі қажет деген ойдамыз.

Жаман әйелдің еріне, тіпті, бүкіл қоғамға тигізген кесірі туралы ұлы ойшылдардың сөздері мен халық арасына тараған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ой-пікірлер көп-ақ. Мысалы, Қорқыт ата әйелдерді төрт түрге бөледі: "Оның бірі — ниеті қураған әйел, екіншісі — ынсапсыз әйел, үшіншісі — үйдің құты болған әйел, төртіншісі — кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы". Қорқыт ата отбасының құты болған әйелдерді ең алғашқы мұсылман әйелдер Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер екендігін айтып, ондай әйелдердің мыңдап өсуін тілейді.

Әйел алуға қатысты ойларын ұлы Абай да Қорқыт ата мен Жүсіп Баласағұнидің жолын ұстанып: "Жасаулы деп, малды деп байдан алма, кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата-ананың қызынан ғапыл қалма", — деген өлең жолдарымен жастарға терең ой тастаған.

Сонымен, Жүсіп Баласағұни де, хакім Абай да жастарды жар таңдау мәселесіне аса байыптылықпен, шыдамдылықпен, сабырлылықпен қарауға шақырады. Тіпті, екеуі де "көріп алған сұлудан көрмей алған текті артық" деген халық даналығын ұстанып, ата-ана тәрбиесін көрген текті жерден шыққан қызға үйленген жігіттің маңдайының бағы ашылатындығын айтады.

Қазақ халқы жаман, кесірлі әйелдер туралы "Бір әйелдің кесірі қырық есекке жүк болар", "Екі әйел алған еркектің дауы үйінде, жаман әйел алғанның жауы үйінде", "Ер жігітті мұқалтар — өтпес пышақ, шабан ат, шайпау қатын" деген мақалдар шығарып, "Қыз көзінде бәрі жақсы,

жаман қатын қайдан шығар" деп, жар таңдау мәселесінде бозбалаларды мейлінше абай болуға бейімдейді.

Көпті көрген көне көз, нәзік жүректі ақынның назарынан мәңгі өлмес махаббат мәселесінің әр түрлі қырлары да тыс қалмаған. Жүсіп Баласағұни отбасының іргетасын қалайтын мәселелердің ең негізгілерінің бірі деп махаббат сезімін санайды. Ғашықтардың бір-біріне деген ынтықтығы, жан сырларын іштей түсінісуі дастанда өте көркем суреттелініп, қазіргі жастарды нәзік сезімге баулуға әлшеусіз өнеге бола алады. "Ғашықты ғашықтардың өңі айтар... кірпігі айтар жанды өртеген тілектей" (1901, 1902-бөйіттер) деген жолдар ұлы Абайдың "Ғашықтың тілі — тілсіз тіл, көзбен көр де ішпен біл" немесе "Махаббатсыз — дүние бос, хайуанға оны қосыңдар" деген махаббат туралы толғаныстарын еріксіз еске түсіреді.

Жүсіп Баласағұнидің пікірінше, таяқтың екі ұшы болғанындай махаббат сезімінің де ләззаты мен азабы қатар жүреді: тәтті қайда болса — ащы сонда. Яғни, өмірде үнемі жақсылық, қызық дүние бола бермейді. Күн мен түннің, жаз бен қыстың ауысуындай тіршілікте жақсылық та, жамандық та кезектесіп келіп жатады. Сондықтан ғашықтық сезімнің ыстығына күйіп, суығына тоңған адам ғана баянды бақытқа қолын жеткізе алады. Бірақ, кейбіреулер ғашықтықтың жөні осы екен деп құлай беріліп, көзсіз тәндік соқыр сезімге жиі бой алдырып, сүйіспеншілік мәселесінде жақсы мен жаманды айыра алмайтындай күйге ұшырайды. Осы жағдайды ақын былайша суреттейді: "Көздің құрты — сүйікті өңді бір көру, көңіл құрты — аңсарымен бірге өлу. Сүйгеніңнің шұнақтығы байқалмас! Сүйкімді боп тұрар міні сүйгеннің" (1293, 533-бөйіттер).

Қашанда бір-біріне құлай ғашық болған, көргенді әрі тәрбиелі екі жас құрған отбасында дүниеге келген балалардың болашағынан зор үміт күтуге болатындығына Жүсіп Баласағұни кәміл сенеді. "Үйлену оңай, үй болу қиын" екендігін, яғни, өмір заңына сәйкес ер мен әйел бас қосып, бір шаңырақ астында тіршілік кешу мәселесінің өте маңыздылығын ғұлама Жүсіп те, одан тоғыз ғасырдан кейін өмір сүрген ұлы Абай да аса көрегенділікпен пайымдап жастарға келелі ақыл-кеңестерін айтып кеткен. Қай заманда болмасын "Халық әрдайым бақытты отбасын ту көтерген, себебі, отбасы — бақыттың кілті".

"Құтты білік" дастанындағы отбасы тәрбиесінің кейбір қырларын Айттолды уәзірдің қайтыс болар алдында баласы Өгділмішпен қоштасарда оған өзінің соңғы өсиетін айту сәтінен анық байқауға болады. Айттолды ұлынан әкесінің жолын ұстап, ата-бабалар дәстүрін жалғастырудың маңызын түсінудің, өзінің өткен өмір жолынан, тар жол тайғақ кешуінен, татқан тағдыр тауқыметінен фибрат алуды өтінеді. Оның өлер алдындағы ең негізгі өсиеттерінің бірі — өзі қалай баласын тәрбиелі қылып өсірсе, баласының да өз ұрпақтарын дәл солай тәрбиелі етіп өсіруін өтінуі (120-128-бөйіттер).

2. ҚОНАҚ КЕЛСЕ — ҚҰТ КЕЛЕДІ

Дастанда айтылатын баланы тұлға етіп қалыптастыратын қасиеттердің бірі — қонақжайлылық. Түркі этносы көп халықтардан аса қонақжайлық қасиетімен ерекшелінеді. Олар өздері ішіп жемей,

тамағының ең дәмдісін, мал етінің ең кәделі мүшелерін қонақтарына сақтайды. Қонақты "құдайы қонақ" деп, күн мен түннің қай мезгілінде келсе де, қабақ шытпай қарсы алып, қонақтың аузына барын тосып, жайылып жастық, иіліп төсек болады.

Қазақтың түсінігінше: "Қонақ болу үшін, оның таныс болуы, діндес, теңдес болуы шарт емес. Әрбір жолаушы кез келген қазақ үйінде қонақасыны "бөлінбеген еншім" деп талап етуге еркі болған". Қазақ халқы ежелден "үйге қонақ келсе — құт келеді, береке байлық болады" деп сенген.

Сондықтан олар "Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер" деп, дастарханнан дәм үзілмеуді, қонаққа берер сый-сияпатының таусылмауын тілеген. Өйткені, "Дала адамдарының түсінігі бойынша, сый-сияпат жасаспай, достық құру мүмкін емес". Кез келген қазақ үйіне келген қонағына қалағанын беріп, шығарып салып, сый-сияпат көрсетуді достықтың, татулықтың, араласудың белгісі деп санаған.

Қонақ күтудің, қонаққа барудың этикасы ел арасында қатты дәріптелініп, соған қарап адамның тәрбиелік деңгейі анықталып отырған. Халықтың осындай қонақжайлық қасиетінің түп төркінін "Құтты білік" дастанының қонаққа бару салт-дәстүріне арналған тарауларынан айқын көруге болады.

Жүсіп Баласағұни қонаққа бару, қонақ шақыру сияқты меймандостық қасиеттерді өте жоғары бағалайды. Оның ойынша, бұл салт-дәстүр — адам тіршілігінің негізгі бір бөлшегін құрайтын өмір көрінісі. Қонақ болудың, жұртты шақырудың неше түрлі себептері бар. Мысалы, кісі шақыру, неке қию, сүндет, шілдехана сияқты тойлармен қатар, қазаға байланысты берілетін ас-су рәсімдері секілді алыс-жақын адамдардың, туыстардың ақ дастархан басында жиналуын қамтиды.

Ақынның ойынша, шақырған жердің бөріне бара беруге де болмайды. Ағайын-досың, туыс-бауырың шақырса, барып мауқынды басасың, көрші-көлемің не жақының шақырса, көңіліңді көтересің. Себебі, олардың саған деген пейілі ақ, сен де өз жағыңнан олардың жандарын жадиратып, көңілдерін сергітуге тырысасың.

Қонақта ашқарақтанба, қанша қарның тоқ болса да дәмнен алып отыр, ыстық асты үрлеме, кісі алдындағы асқа қол созба. Осындай қонақта болу этикасын бұзған адам — нағыз кісінің қоры. Зауықпен, шамамен, мейірленіп жеген ас сіңімді болады. Дерттің дені ауыздан өніп, алдын алмаса денеге дендейді. Ыстық пен суық асты теңестіріп ішіп, тамақты тәбеті келгенде жеген адамның дені сау болады. Міне, денсаулыққа байланысты ақынның психологиялық-педагогикалық ережелері осындай.

Егер қонақ шақыратын болсаң жақсылап дайындал. Үй ішінің, төсек-орынның, ыдыс-аяқтың тазалығын тексеріп, мейман мейірленіп жейтіндей етіп астың дәмін келтіріп пісірген жөн. Тұз-дәмге шақырғанда адамдарды алыс-жақын, туыс-бөтен деп бөлуге болмайды.

Дәмнің алдында барлық адам бірдей. Дәмнен үлкен кісі болмайды. Қонақ аз отырып, көп сынамайды. Қонақ күтуде салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты білудің маңызы зор. Үлкен аста еттің мүшелерін дұрыс тарата білудің өзі де өнер. Астан кейін шырын, жеміс-жидек, миуа, төтті құрмалар ұсынып, шамаң келсе, меймандарға жыртыс жыртып, сый-сияпат беру де жөн жо-сықты білгендікті көрсетеді.

Қонақты үйде қалай қарсы алудан бастап, оны шығарып салуға дейінгі рәсімдерді осылайша егжей-тегжейлі суреттей келіп, ақын қонаққа баратын адамдарды да, үйіне мейман шақыратын кісілерді де төрт топқа бөледі. Бірі — күллі шақырудан қалмайтын, не берсең соны ішіп-жей беретін ас талғамастар. Екіншісі — өзі қонаққа барғанымен, үйінен басқаға дәм таттырмаса сараңдар. Үшіншісі — шақырғанға бармайтын, өзі де үйіне ешкімді келтірмейтін томаға-тұйық жандар. Жүсіп Баласағұни ондай адамдарды: "Тірі өлік — ол. Тіріге оны санама, тіршілікте араласпа, қарама" (4668-бәйіт) — деп, оларды өлікке теңеп, шенеп-мінеп, әжуалайды. Ал, төртіншісі — өзі қонаққа барудан қашқақтағанымен, үйіне мейманды жиі шақырып, ол үшін мал-мүлкін аямайтын жомарт жүректі кісілер. Ақын осындай кісілерді адамның асылы деп дәріптейді де, солардан үлгі алуға шақырады.

● ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

ӨНЕРДІН ШЫҢЫНА ҚОЛ СОЗҒАН

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Ел ішіне жиі сапарлап шыққанда қойын дәптерімізге түртіп алатын жәйттер аз кездеспейді. Бір жолы Қамысты ауданының "Алтынсарин" ауылына барған сапарымызда бұрын естімеген ерекше дауыстың иесін жолықтырдық. Қарапайым ғана ауыл баласы. Бірақ, туа бітті үлкен сахна үшін жаратылған жандай көрінді бізге.

— Ойпырым-ай, мынау бір болайын деп тұрған бала ғой, — деп тамсанды әлгі жерде тұрғандардың бірі.

— Дауысы ерек екен, бұл кім өзі? — дейді ауыл тұрғындары бір-біріне. Бізді де осындай бір әуестік жеңді де, жас әншіні тереңірек танып-білуге құмарттық.

Шындығында, хас таланттар осындай шағын ауылдардан шығады емес пе. "Сіз тілші болсаңыз міне осы жігітті жазсаңызшы, — деді менің қасымда тұрған Сабыр есімді ауыл азаматы. Несі бар, жазсақ жазармыз...

Одан бері де бірталай уақыт өткен. "Тамағында бриллианты бар" бозбала туралы бейтаныс ауыл азаматының айтқаны ойда жоқта сап етіп есіме түсті.

Қамыстылық Бекарыс Тойшан өнерлі отбасының тұңғышы екен. Оның әкесі Досбол Қашқынбаев өзінің ақадал еңбегімен елге қалтқысыз қызмет етіп жүрген жайсаң жан көрінеді. Бейнелі түрде айтсақ, нағыз сегіз қырлы өнер иесі. Спортпен де шұғылданады, өнерге де етене жақын. Біз өзі ғана емес, бүкіл отбасы болып өзі тұратын өңірдің абыройын асқақтатып жүрген азамат. Жары Эльмира екеуі алтын асықтай төрт бала тәрбиелеп өсіріп, оларды да өнер мен спортқа баулыды. Бұл енді өнегелі отбасы иелерінің о баста ата-анасынан дарыған қасиет екендігі даусыз. Қарт Торғайдың даласынан түлеп ұшқан ерлі-зайыптылар өз бойларындағы ізгі қасиеттерін балаларының бойына сіңіре біліпті. Балалары да ата-ана тәрбиесін ақтап, өмірден өз жолын табуға талпынып келеді.

— Менің өнердегі жолым сазгер Болат Хамзин атындағы музыкалық мектептен басталды, — дейді Досбол. — Сонда бес жыл оқыдым. Одан кейін білімді одан әрі қарай жетілдіре түсейін деп Арқалықтағы музыка училищесіне түстім. Осының бәрі менің өміріме азық болды. Өнердегі алғашқы қадамымды ұштаған Жанкелдин ауданына шексіз қарыздармын.

Досбол Тойшанұлының өзі аудандық, облыстық байқаулардың бірнеше мәрте жеңімпазы, кәсіби домбырашы. Әлбетте, шын өнер иесінің бар ғұмыры ізденіссіз болмайтыны бұлжымас қарида. Соның нәтижесі болар, 2000 жылы ерлі-зайыпты Қашқынбаевтар алғаш рет үлкен сахнаға дуэт айтып шыққан еді. Досбол мен Эльмира қосыла ән



шырқағанда көрермендер қосыла кететін. Балалар ер жеткенше екеуі қол ұстасып жүріп, талай сахнаның сәнін жарастырған. Осыдан төрт-бес жыл бұрын сол кезде 11-сыныпта оқитын Бейбарыс пен 4-сыныптағы Айжұлдыз, Томирисінің томағасын сыпырып, өнер сахнасында тұсауын кесті. Содан бері Қашқынбаевтардың отбасылық ансамблінің даңқы алыстарға кетті. Бұл күнде Бейбарыс Тойшан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 1 курс студенті. Облыс көлеміне танымал әнші. "Әке көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді" деген халқымыздың қашандағы бойына сіңген асыл ғадетін Қашқынбаевтардың әулетінен ізде-сек асылық етпес. Бейбарыс — облыстық "Таңғы жұлдыз", "Музыкальный капелъ" байқауларының бірнеше дүркін лауреаты. Облыстық "Наследники победы" байқауының жеңімпазы және "Қостанай әуендері" фестивалінің бас жүлдегері.

"Айқайлағанның бәрі әнші емес..." деген сияқты, Бекарыстың дауысында жүректің қылын шертетін ерекше бір әуезді үн басым. Оны өзге әншілерден ерекшелендіріп тұратыны да осынысы.

— Әнші болуды бала күнімнен армандадым, аға, — деп ағынан жарылды Бекарыс, — Бұған енді ата-анамның ықпалы болған шығар. Өйткені, біздің кішкентай кезімізде екеуі әдемі жұп құрып, аудандық, облыстық дәрежедегі түрлі байқауларға қатысатын. Соның шет жағасын көріп өскен соң ба, біздің де өнерге

деген ықыласымыз ауды. Өзімнен кейінгі қарындас-тарым Айжұлдыз бен Томирис те өздерінің жастығына қарамай, аудандық, мектепшілік байқауларда жеңімпаз атанып үлгерді.

Жоғарыда Қашқынбаевтар өздерінің отбасылық ансамблің құрғанын айттық. Үйелмелі-сүйелмелі балаларын жетектеп өнердің ауласына отау тіккен отбасының қол жеткізген аз-кем жетістіктерін тілге тиек еткеннің артықтығы жоқ. 2001 жылы Досбол мен Эльмираның облыстық білім департаменті, білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақтар комитеті ұйымдастырған байқауда жеңімпаз атанғаны өз алдына, кейінгі төрт-бес жылда Қашқынбаевтар отбасылық ансамблінің еншілеген жеке табысы тағы қомақты. 2010 жылы Лисаков қаласында өткен "Дала әуендері" байқауында жеңіске жеткен. Одан кейін араға жыл салып аудан мен облыстық "Мөлдір бұлақ" байқауында тағы олжа салды. Сол жылы Қостанайда, "Таңғы жұлдыз" байқауында тағы топ жарды. Жітіқара қаласында өткен аймақтық отбасылар байқауында Қашқынбаевтар әулеті жеңімпаз деп танылды.

Д.Қашқынбаевтың отбасы шалғай өңірдегі өнердің өріс алуына себепші болған осындай азды-көпті жетістіктері үшін аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталыпты. Айтпақшы, былтыр өткен облыстық "Мерейлі отбасы" байқауында олар облыс әкімінің арнайы дипломымен аталып өтілген. Сол жолы сахна үстінде аймақ басшысы Нұрәлі Садуақасов Досболдың қолын алып тұрып: "Қазақтың өнерін дамытамын десендер, мұнымен тоқталып қалмаңдар. Ол сендердің қолдарыңнан келеді", — деп ағалық тілегін айтқан еді.

Осындай өнерлі отбасында тәрбиеленген жеткіншектерді қалай дәріптесе де жарасымды.

— Бейбарыс ән десе ішкен асын жерге қоятын талантты да, талапты бала. Өзінің сыңғырлаған әсем дауысымен бүкіл жұртшылықты өзіне баурап, өлең айтып аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға, мақтау қағаздарына ие болып жүр. Ал, кішкентай Айжұлдыз пен Томирис те өз сыныптастарының алды, — дейді Қамыстыдағы №2 қазақ мектебінің директоры Алма Ысқақова, — Айжұлдыз аудандық "Әнім болып қалықта — еркіндігі елімнің" атты байқауда ең алғаш өнер табалдырығын аттағанында-ақ көрермендердің қошеметіне бөленді.

Облыстың шалғай бір ауданында тұрса да өнер атты ұлы көшке ілескен біз білетін жарқын істері осындай.

Қамысты ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: жас әнші Бекарыс Тойшан өнерлі қарындастарымен.

Суреттер отбасылық мұрағаттан алынды.

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 14 қаулысы

"Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі ту-

ралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н.САДУАҚАСОВ.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5339 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген

"Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволық бағынысты ұйымдары жоқ.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 65.

10. Мемлекеттік органның толық атауы "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қостанай облысының аумағында сәулет-құрылыс бақылауы саласындағы мемлекеттік саясатты дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу.

15. Міндеттері:

1) Қостанай облысының аумағында мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау және мемлекеттік қабылдау комиссияларының жұмысына қатысу;

2) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес салынып жатқан объектілерге тексеру жүргізу;

3) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманың белгіленген нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты бұзушыларға заңнамада көзделген шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамамен белгіленген тәртіппен соттарда құқықтар мен мүдделерін қорғауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз бару және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарын жедел инспекциялауды жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) бірінші қол қою құқығы бар;

3) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;

4) белгіленген тәртіппен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, бекітілген қаржыландыру жоспарына сай олардың мақсаты пайдаланылуы жөніндегі ашық лимиттерге сәйкес бюджеттік қаражаттың дұрыс және тиімді жұмсалыуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Қостанай облысы әкімдігінің мемле-

кеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе

оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Постановление акимата Костанайской области от 19 января 2015 года №14

Об утверждении Положения о государственном учреждении "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области"

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемое Положение о государственном учреждении "Управление государственного архитектурно-строительного

контроля акимата Костанайской области".

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области Н.САДУАҚАСОВ.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 27 января 2015 года под № 5339

Утвержден постановлением акимата Костанайский области от 19 января 2015 года № 14

Положение о государственном учреждении "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области"

1. Общие положения

1. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере государственного архитектурно-строительного контроля и надзора.

2. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" не имеет подведомственных организаций.

3. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

4. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

5. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

6. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

7. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

8. Структура и лимит штатной численности государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" утверждаются в соответствии с действующим законодательством.

9. Местонахождение государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области": 110000, город Костанай, проспект Аль-Фараби, 65.

10. Полное наименование государственного органа – государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области".

11. Настоящее Положение является учредительным документом государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области".

12. Финансирование деятельности государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" осуще-

ствляется за счет средств областного бюджета.

13. Государственному учреждению "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области".

2. Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности государственного органа

14. Миссия государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области": содействие развитию и совершенствованию государственной политики в сфере архитектурно-строительного контроля на территории Костанайской области.

15. Задачи:

1) осуществление государственного архитектурно-строительного контроля и надзора на территории Костанайской области;

2) осуществление иных задач, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

16. Функции:

1) участие в установленном законодательством порядке в работе приемочных и государственных приемочных комиссий;

2) проведение проверок строящихся объектов в соответствии с Законом Республики Казахстан "О государственном контроле и надзоре в Республике Казахстан";

3) ведение мониторинга строящихся (намечаемых к строительству) объектов и комплексов в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан;

4) принятие решений о применении к нарушителям предусмотренных законодательных мер в связи с допущенными нарушениями и отклонениями от норм законодательства, государственных нормативных требований, условий и ограничений, установленных в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности;

5) осуществление иных функций, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан.

17. Права и обязанности:

1) организовывать и осуществлять в установленном законодательством порядке защиту прав и интересов в судах;

2) беспрепятственно посещать и проводить оперативное инспектирование проводимых строительного-монтажных работ на строящихся (реконструируемых, расширяющихся, модернизируемых, капитально ремонтируемых) объектах и комплексах;

3) осуществлять иные права и обязанности в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

3. Организация деятельности государственного органа

18. Руководство государственным учреждением "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" осуществляется руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Управление задач и осуществление им своих функций.

19. Руководитель государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" назначается на должность и

освобождается от должности акимом Костанайской области.

20. Руководитель государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" имеет заместителя, который назначается на должность и освобождается от должности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

21. Полномочия руководителя государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области":

1) назначает на должности и освобождает от должностей работников государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" в соответствии с действующим законодательством;

2) имеет право первой подписи;

3) утверждает план финансирования по обязательствам и платежам;

4) осуществляет контроль за правильным и эффективным расходованием бюджетных средств в соответствии с открытыми лимитами по их целевым назначениям, согласно утвержденным планам финансирования с учетом внесенных в установленном порядке изменений;

5) осуществляет иные полномочия в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Исполнение полномочий руководителя государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

22. Руководитель определяет полномочия

своего заместителя в соответствии с действующим законодательством.

4. Имущество государственного органа

23. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случае, предусмотренных законодательством.

Имущество государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

24. Имущество, закрепленное за государственным учреждением "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области", относится к коммунальной собственности.

25. Государственное учреждение "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

5. Реорганизация и упразднение государственного органа

26. Реорганизация и упразднение государственного учреждения "Управление государственного архитектурно-строительного контроля акимата Костанайской области" осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 25 қаулысы

Әкімдіктің 2014 жылғы 29 қазандағы 530 "Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы" шеңберінде микрокредиттер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 "Әңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" қаулысының 4-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 530 "Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдар-

ламасы" шеңберінде микрокредиттер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5207 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **Н.САДУАҚАСОВ.**

Постановление акимата Костанайской области от 26 января 2015 года №25

О признании утратившим силу постановления акимата от 29 октября 2014 года № 530 "Об утверждении регламента государственной услуги "Предоставление микрокредитов в рамках программы "Развитие моногородов на 2012-2020 годы"

В соответствии с пунктом 2 статьи 40 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года "О нормативных правовых актах", пунктом 4 постановления Правительства Республики Казахстан от 28 июня 2014 года № 728 "Об утверждении Программы развития регионов до 2020 года" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Признать утратившим силу постановление акимата Костанайской области от 29 октября 2014 года № 530 "Об утверждении рег-

ламента государственной услуги "Предоставление микрокредитов в рамках программы "Развитие моногородов на 2012-2020 годы" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5207, опубликовано 25 декабря 2014 года в информационно-правовой системе "Әділет").

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким области **Н.САДУАҚАСОВ.**

"Қарасу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, А. Исаков көшесі, 73, анықтамалар үшін телефон: 8-714-52-21-5-76, факс: 8-714-52-21-5-76, электронды пошта: karasu@kostanay.gov.kz) бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды. Негізгі қызметкердің бала бағу демалысы кезеңіне "Қарасу ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, санаты Е-Р-4, лауазымдық жалақысы еңбек өткен жылдарына байланысты 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Аудандық деңгейде спорттың түрлері бойынша жарыстарды өткізу. Аудандық құрама командаларының спорттың әр түрлері бойынша даярлауын және оларды облыстық жарыстарында қатысуын қамтамасыз ету. Аудандық арнайы оқу-спорт орындарының қызметін үйлестіру. Спорт разрядтары мен санаттарды иемдену жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру. Аудандық спорт-көпшілік іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлеу, бекіту және іске асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: педагогика-

лық (дене шынықтыру), мемлекеттік және жергілікті басқару, туризм. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі педагогикалық білімі (дене шынықтыру), мемлекеттік және жергілікті басқару, туризм барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы

"Қостанай облысы бойынша Тексеру комиссиясы" ММ "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (1 - бірлік).

Сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас маман-заңгері, санаты "D-4", 1 бірлік, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 71 751 теңгеден 96 735 теңгеге дейін.

Негізгі функционалдық міндеттері:

мекеменің заңды және басқа қызмет түрлері жөніндегі мәселелерін қарау және оның құқықтық мүдделерін қорғау; құқық қорғау органдарына жіберілген бақылау материалдарын қарау нәтижелерінің мониторингін жүргізу, және оларды құқық қорғау органдарымен салыстыру; бұйрықтардың, шарттардың, бақылау актілерінің, бұзушылықтар тізбелерінің (жиынтық тізбелердің), қорытындылар және қаулылардың (ұсынымдардың) жобаларына құқықтық сараптама жүргізу; наразылық-талап жұмысты жүзеге асыру; әкімшілік құқық бұзушылықтар жөнінде хаттамалар жасау; өз құзыры шегінде мемлекеттік органдарда соттарда және ұйымдарда Тексеру комиссиясының мүддесін ұсыну.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

жоғары: құқық (құқықтану).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

3) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға қалайтын азаматтар қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып, құжат тігілетін мұқабаға салынған мынадай құжаттарды "Қостанай облысы бойынша Тексеру комиссиясы" ММ-не ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті орган белгілеген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (не болмаса нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Қажетті құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған күнінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** 110000, Қостанай облысы, Қостанай қ., Әл-Фараби 65, Бизнес орталығы ғимараты, 10 қабат, 1004 кабинеті мекенжайы бойынша ұсынылуға тиіс, анықтама үшін телефон 54-00-76, факс-53-45-51, электрондық пошта- revkom@kostanay.kz

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді.

Құжаттардың түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда, тұлға әңгімелесуге жіберілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну оларды конкурстық комиссияда қараудан бас тартуға негіз болып табылады.

